

Бүгінгі таңдау – ертеңгі тағдыр	Экономикалық өсімді өнеркәсіп құрайды	Аударыспақтан алтын бұйырмады
2-бет	3-бет	8-бет

РЕСМИ

Атақ беру тәртібі өзгерді

Қарағанды облысында «Құрметті азамат» атағын беру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Жаңа талаптарға сәйкес атақ енді жыл сайын емес, екі жылда бір рет беріледі. Бір жолы 10 адамға дейін «Құрметті азамат» атауы мүмкін.

«Қарағанды облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағы өңірдің дамуына үлес қосқан, еңбегі мен қоғамдық қызметі арқылы танылған азаматтарға беріледі.

Кандидат ұсыну туралы өтініш ұжымдық түрде берілуі тиіс. Яғни, азаматтың өзін-өзі ұсынуына жол берілмейді. Ал, жергілікті әкімдер кандидатура ұсынуға құқылы. Бұл мүмкіндік төтенше жағдайлар мен апаттарды жоюға көрсеткен көмегі үшін қарастырылған. Атақ Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ, өңірде кемінде 10 жыл еңбек еткен шетел азаматтарына берілуі мүмкін.

«Құрметті азамат» атағы кәсіби немесе азаматтық борышын орындау кезінде ерлік көрсеткен, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға үлес қосқан азаматтарға беріледі. Сондай-ақ, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері, қоғамдық қызметте және қайырымдылық саласында жетістікке жеткендер, спорт, мәдениет, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, кәсіпкерлік, бизнес және ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан азаматтар үміткер бола алады. Бұдан бөлек, этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосқан азаматтарға да атақ беріледі.

Қағидаларда атақты қайтыс болғаннан кейін беру тәртібі де белгіленген. Бұл жағдайда атақ ел мүддесін қорғау немесе адам өмірін құтқару кезінде ерлік, батылдық және қаһармандық көрсеткен азаматтарға берілуі мүмкін. Сонымен қатар, облыс, қала немесе ауданның мерейтойлық даталарына орай қосымша бес адамға дейін «Құрметті азамат» атағын беру мүмкіндігі қарастырылған.

Өз тілшімізден

Кәсіп көбейсе, ауыл көркейеді

Ауылдың ырысы – атакәсіпте. Бірақ, оны өрістетуге ниетпен бірге қаражат та керек. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы осы тұста ауылдағы ағайынға нақты қолдау болып отыр. Жеңілдетілген несиеге қол жеткізген бұқаржыраулықтар шаруасын кеңейтіп, кәсіптің жаңа көздерін ашуға мүмкіндік алды. Басқак, бағдарламаның берері бір отбасының табысымен шектелмейді. Кәсіп көбейсе, ауылдың да еңсесі тіктеледі.

салаға 906,3 миллион теңгені құрайтын 117 несие бағытталды. Сонымен қатар, техника мен құрал-жабдық сатып алуға 345,1 миллион теңге (21 несие), ауыл шаруашылығынан тыс бизнес түрлеріне 119,7 миллион теңге (16 несие), өсімдік шаруашылығына 42 миллион теңге (2

ашылығы, техника сатып алу және өзге де бизнес бағыттары бойынша 174,2 миллион теңге көлеміндегі 14 жоба мақұлданып, қаржыландырылды.

– Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және тұрақты табыс көзін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама екенін іс жүзінде дәлелдеп келеді. Бұл бағдарлама Бұқар жырау ауданында да нәтижелі жүзеге асып, көптеген тұрғынның өз кәсібін ашуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және ауыл экономикасының жандануына оң ықпал етіп отыр. Жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл бағытта кооперативтер құруға, қосалқы шаруашылықты дамытуға және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалануға ерекше көңіл бөлінген. Осы мақсатта ауданымыздағы 29 ауылдық округтің әрқайсысы бойынша перспективалық даму жоспарлары әзірленіп, бүгінде барлық жұмыс сол жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылы «Ауыл аманаты» аясында жалпы құны 537,3 миллион теңгені құрайтын 59 жоба іске қосылды. Біздің басты мақсатымыз – ауыл тұрғындарының табысын арттырып қана қоймай, олардың туған жерінде еңбек етіп, өз кәсібін дамытуына барлық жағдай жасау. «Ауыл аманаты» бағдарламасы осы міндетті орындаудың тиімді тетіктерінің бірі болып қала береді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып, мемлекеттік қолдау ауылдағы әрбір бастамашыл азаматқа қолжетімді болуына күш саламыз, – дейді аудан басшысы Ерлан Құсайын.

Бағдарламаның биылғы маусымдағы даму қарқыны да көңіл қуантады. Жыл басынан бері «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына жалпы сомасы 512,1 миллион теңгеге 40 өтінім келіп түскен. Қазіргі таңда мал шару-



ЖАСТАР САЯСАТЫ

Талпынған жастың таңдауы

Қарағанды – өндірісі өркендеген, білім мен ғылымның өзіндік ортасы қалыптасқан қала. Дегенмен, дипломын қолына алған жас маманның алдында екі жол тұрады. Бірі – туған қаласында қалып, еңбек жолын бастау болса, екіншісі мүмкіндігі көп Астана мен Алматы секілді ірі қалалардан нәпақа іздеу. Қарағандыда жастар үшін жарқын болашаққа бастау болатын жұмыс орындары жеткілікті. Өнеркәсіппен қатар түрлі салада білікті мамандарға сұраныс бар. Соған қарамастан, жастардың бір бөлігі мансап жолын ірі қалалардан бастауды жөн көреді. Бұл таңдауға еңбек нарығындағы жағдаймен қатар жалақы, мамандық бойынша жұмыс, кәсіби өсу және жаңа мүмкіндікке деген сұраныс әсер етіп отырғаны да белгілі.

болған сайын олардың сұранысы мен қажеттілігі де әртүрлі болады. Жастар арасында жұмыспен қамту, кәсіби даму, кәсіпкерлік, тұрғын үй, сапалы білім, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және заманауи дағдыларды меңгеру мәселелері өзектілігін сақтап отыр. Қазіргі жас буын үшін тек тұрақты жұмыс орнының болуы жеткіліксіз.

Олар кәсіби тұрғыда дамуға, тәжірибе жинауға, жаңа бағыттарды меңгеруге, өз идеясын жүзеге асы-

руға және мансап құруға мүмкіндік беретін ортаны іздейді.

Қарағанды облысында жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен тетіктер жүзеге асырылып келеді. Олардың қатарында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Кәсіптік оқыту» және басқа да жобалар бар. Бұл бағдарламалар жас мамандардың еңбек нарығына бейімделуіне және алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауына мүмкіндік береді.

– Жұмыс іздеп келетін жастардың көп бөлігі – колледж түлектері немесе техникалық мамандығы бар азаматтар. Жалпы елімізде, соның ішінде Қарағанды облысында да жұмыс іздеп келетін жастардың белгілі бір бағыттарға қызығушылығы жоғары. Соның ішінде IT саласына келетін жастар легі көп. Қазіргі жастар арасында IT саласында жұмыс істеуге қызығушылық артып отыр.

4-бет



Бүгінгі таңдау – ертеңгі тағдыр

Жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған «Жастар – Заң мен тәртіптің тірегі» атты форум өтті. Оқу жылының басталуына орай ұйымдастырылған ауқымды шараға жоғары және арнаулы орта оқу орындарының 15 мыңнан астам студенті офлайн және онлайн форматта қатысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумды облыс прокуратурасы облыс әкімдігімен, полиция және экономикалық тергеу департаменттерімен бірлесіп өткізді. Форумға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев, Ішкі істер министрлігі комитетінің төрағасы Арман Саданов, Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаментінің бастығы Аида Әнуар, Экономикалық тергеу департаментінің бастығы Дархан Құрақбаев, жастар ұйымдарының өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және әр шешімге жауапкер-



шілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру – форумның негізгі мақсатының бірі болды. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын ілгерілетуге арналған жиында жастарға күнделікті өмірде кездесуі мүмкін қауіптер нақты мысалдар арқылы түсіндірілді. Форум қатысушыларына есірткі таратуға, интернет-алайықтыққа, қаржылық пирамидаларға және дропперлікке тартылған жастардың өмірлік оқиғалары көрсетілді. Құқық қорғау органдарының өкілдері асығыс қабылданған шешімнің немесе «тез ақша табуға» деген ұмтылыстың адамды ауыр құқықтық салдарға әкелуі мүмкін екенін түсіндірді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жастардың құқықтық санасын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

– Жаңа технологиялар дамыған сайын отбасында алған тәрбиеден бөлек, интернет, әлеуметтік желі, жалпы цифрлық кеңістік жас өрендердің көзқарасы мен мінез-құлқының қалыптасуына қатты әсер ететінін байқаймыз. Әсіресе, оң-солын білмейтін жеткіншектер оңай олжаға қызығып, теріс жолға түсіп кетеді. Сондықтан, Мемлекет басшысы айтқандай, бүгінгі ұрпаққа адамгершілік, жауапкершілік, заңға құрмет секілді құндылықтардың мәнін түсінікті тілмен, заманға сай тәсілдермен жеткізе білуіміз керек, – деді өңір басшысы.

Форум аясында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің заң факультетінде прокуратураның бастамасымен «Болашақ прокурор аудиториясы» ашылды. Арнайы аудитория прокуратура органдарының қызметі туралы тақырыптық стендтермен және ғылыми әдебиеттермен жабдықталған. Мұнда прокуратураның тәжірибелі қызметкерлерінің қатысуымен «Прокурорлық қадағалау» пәні бойынша сабақтар

өткізіледі. Мұнда студенттерге тек теориялық білім берілмейді. «Прокурорлық қадағалау» пәні аясында қазіргі таңда қызмет етіп жүрген прокурорлар келіп, тәжірибесімен бөліседі. Өмірден алынған нақты оқиғалар арқылы болашақ құқық қорғау саласының мамандарына қызмет барысында кездесетін қиындықтар мен жетістіктер туралы түсінік беріледі.

Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаментінің бастығы Аида Әнуар жастардың құқық қорғау саласына қызығушылығын арттыруда осындай жобалардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Кәсіпке деген сүйіспеншілік, заңға деген құрмет – барлығы осы университет қабырғасында бізге іргетас болып қаланды. Бүгінгі форумның тақырыбы – «Жастар – заң мен тәртіптің тірегі». Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі – прокурорлық қадағалау аудиториясының ашылуы. Мемлекет басшысы жастарды қоғамды алға бастайтын қозғаушы күш және еліміздің болашағы ретінде ерекше атап өтеді. Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде жастар мен балаларға арналған көптеген нысан салынып, жаңа жобалар жүзеге асырылып жатыр. «Тамшыдан теңіз құралады» дейді. Бүгінгі прокурорлық қадағалау аудиториясын да осындай маңызды бастамалардың бірі деп айтуға болады. Соңғы жылдары жүргізілген осы жұмыстардың нәтижесінде Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына түсетін үміткерлер саны алты есеге өсті. Бұл прокуратура органдарына жоғары білімді, жан-жақты даярланған, білікті әрі тәрбиелі мамандарды тартуға деген қызығушылықтың артып отырғанын көрсетеді. Бүгінгі аудиторияның ашылуы – прокуратура органдары мен университеттің бірлескен жұмысының жемісі, – деді Аида Әнуар.

Форум барысында облыс прокуроры да цифрлық технологиялардың дамуы қоғамға жаңа мүмкіндіктермен қатар, қылмыстың алдын алуда заманауи тәсілдерді қажет ететін жаңа сын-қатерлер әкелетінін атап өтті. Осыған байланы-

алдын алу үшін ең алдымен жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізу қажет.

– Бүгінде жыл басынан бері Қарағанды облысындағы қылмыс деңгейі 35 пайызға, ал, жастар жасаған қылмыстар 58 пайызға төмендеді. Құқық қорғау және



сты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жастарға жақын форматта жүргізудің маңызы айтылды.

– Бүгінде жастар үшін есірткі тарату мен дропперлік негізгі қауіптердің біріне айналып отыр. Интернеттегі қылмыстық топтар «жеңіл жұмыс», «жоғары табыс», «тез ақша» деген ұсыныстар арқылы жастарды өз қатарына тартуға тырысады. Жыл басынан бері елімізде есірткінің заңсыз айналымына қатысқаны үшін 63 көмелетке толмаған жас ұсталды. Өткен жылмен салыстырғанда екі есе жоғары көрсеткіш. Ал, дропперлік бойынша биылғы жылдың ортасына қарай қозғалған қылмыстық істердің саны мыңнан асып, жауапқа тартылғандардың 75 пайызы 18-29 жас аралығындағы жастарды құрады. Бір қателік адамның бүкіл өміріне әсер етуі мүмкін. Сондықтан, жастар кез келген «оңай ақша» ұсынысынан аулақ болып, өз болашағына жауапкершілікпен қарауы керек. Осы бағытта ата-ана, ұстаздар, достар және құзырлы органдар бірлесе жұмыс істеуі маңызды. Ең бастысы, бала санасына адал еңбектің қадірін сіңіріп, құқықтық сауаттылығын арттырып, қылмыстың салдарын нақты мысалдар арқылы түсіндіріміз қажет, – деді облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев.

Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбановтың айтуынша, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың



жергілікті атқарушы органдардың жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жүргізіп жатқан жүйелі жұмысының нәтижесі. Ең басты міндет – жастар арасында сауатты профилактикалық жұмыс жүргізу. Қылмыстың салдарымен күрескеннен гөрі, оның алдын алған тиімді. Жастардың әлеуметтік желілердегі мінез-құлқына да ерекше назар аударылуға. Жастардың басым бөлігі әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланады, сондықтан, интернеттегі

қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан жастар бар.

Заң мен тәртіпті сақтау тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Ол әр азаматтың күнделікті таңдауы мен жауапкершілігінен басталады. Ал, жастардың құқықтық сауаты мен заңға құрметі – қауіпсіз әрі жауапты қоғам қалыптастырудың маңызды негізінің бірі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жасыл желек көбейді

Ақтоғай ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында елдімекендердің санитарлық тазалығын сақтау, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көктемнен аудан аумағында тазалық және абаттандыру шаралары ұйымдастырылып, оған мемлекеттік мекемелер мен бөлімдердің қызметкерлері, еңбек ұжымдары, жастар және жергілікті тұрғын-

дар белсенді қатысты. Елдімекендердің ішкі аумақтары, көшелері мен ауыл маңындағы қоқыс орындары тазартылып, жиналған тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылды.

Көгалдандыру жұмыстарына да ерекше мән берілді. Бір мезгілде 1 500-ге жуық тұрғынның

қатысуымен 660 түп ағаш көшеті отырғызылды. Бұл жұмыстар елдімекендердің көркін арттырып қана қоймай, жасыл желек көлемін ұлғайтуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған.

Жаз мезгілінде «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары аудан аумағында күнделікті тазалық жұмыстарын жүргізіп, абаттандыру мен көгалдандыру шараларына атсалысты. Жастардың қатысуымен бірқатар ауқымды экологиялық іс-шаралар да ұйымдастырылды.

Солардың бірі – «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мекемесімен бірлесе отырып, өткізілген тазалық жұмыстары. Тоқырауын өзені бойындағы демалыс орындарында ұйымдастырылған шара барысында аумақтар қымыс тазартылып, тұрғындар мен демалушылар арасында қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, аудан прокуратурасымен бірлесіп, тарихи-мә-

дени нысандардың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, «Беғазы-Дәндібай» тарихи-мәдени кешені мен «Талдыбейіт» қорымының аумақтары тазартылды.

Бүгінде ауданға қарасты кенттер мен ауылдық округтерде санитарлық тазалық жұмыстары аптасына 2-3 рет тұрақты түрде өткізіледі. Оған мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен бірге тұрғындар, жастар, еңбек ұжымдары және

қоғамдық ұйымдардың өкілдері жұмылдырылады.

Сонымен қатар, тұрғындарды қоршаған ортаны таза ұстауға, қоғамдық орындарға ұқыпты қарауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

қарым-қатынас мәдениеті мен құқықтық сауаттылықтың маңызы зор. Ойланбай жазылған пікір немесе айтылған сөздің өзі құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Осыған байланысты форум аясында әлеуметтік желідегі қауіпсіздік пен мәдениет мәселелері де талқыланды. Кәметке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу бағытында да кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл ретте психологтар мен психиатрлар тартылып, балалардың психологиялық жағдайына әсер етуі мүмкін факторларды ерте анықтау үшін скрининг жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тиісті профилактикалық және түзету шаралары қабылданады. Жалпы, мұндай форумдар мемлекеттік және құқық қорғау органдары мен жастар арасындағы ашық диалогты қалыптастырып, жас буынның заң мен тәртіпке деген жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Еділ Жұбанов.

Форумның ерекшелігі – оның ашық әрі интерактивті форматта өтуі. «Жастар үні» қоғамдық қорының директоры Аслан Смағұлов «Өзіңнен баста» әлеуметтік жобасын таныстырды. Жиынға құқық қорғау органдарының өкілдерімен қатар қоғамдық ұйымдар, сарапшылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, еріктілер мен студенттер қатысты. Қатысушыларға есірткі саудасы үшін сотталған азаматтардың шынайы оқиғалары негізінде әзірленген профилактикалық бейнематериалдар көрсетіліп, дропперлікке тартылудың салдары мен қаржылық алаяқтықтың түрлі тәсілдері түсіндірілді. Өңірдегі белсенді еріктілер мен қоғамдық қызметке атсалысып жүрген азаматтарды марапаттау рәсімі ұйымдастырылды.

Форум аясында жастардың қоғамдық өміріне белсенді араласқан, ғылым, білім, спорт және қоғамдық қызметте жетістікке жеткен бірқатар жасқа, сондай-ақ, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп отырған ата-аналарға облыс әкімі мен облыс прокурорының Алғыс хаттары табысталды.

Атап айтқанда, ата-аналар қатарынан Ақкөл Айтпаева, Гүлмира Абдуғаппарова, Нұргүл Игенова, Татьяна Ким және Сәуле Төлеуенова марапатталды. Ал, жастар арасынан Жәніл Бакытова, Назира Сапарова, Шапағат Құрманғазықызы, Тұрар Расул, Мәулен Медет және Нұрай Шәкен Алғыс хаттарға ие болды. Олардың қатарында ғылыми-зерттеу байқауларының жүлдегерлері, әскери-патриоттық және шығармашылық сайыстардың жеңімпаздары, студенттік өзін-өзі басқару мен

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Экономикалық өсімді өнеркәсіп құрайды

Нүркен Кобжановтың төрағалығымен өткен Қарағанды облыстық мәслихатының XXXVII сессиясында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есеп берді. Өңір басшысы атқарушы билік жұмысының негізгі нәтижелерін баяндап, депутаттар облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты көрсеткіштерді талқылап, атқарылған істі саралады. Сонымен бірге, алдағы кезеңге межеленген міндеттер мен өңір дамуының басым бағыттарына да назар аударды. Тарқаталық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Нәтиже

– Құрметті депутаттар! Облыс экономикасы жылдың сегіз айында өсім қарқынын сақтап, даму бағытын жалғастырды. Дегенмен, бүгінгі көрсеткішке тоқмәйісуге болмайды. Алдымызда тұрған басты міндет – экономикалық өсімді сапалы мазмұнмен толықтырып, оны ұзақ мерзімді әрі тұрақты дамудың өзегіне айналдыру. Осы жолда жаңа өнеркәсіптік жобаларды іске қосу, инвестиция тарту, тозығы жеткен коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру қатар жүруі тиіс. Әр міндеттің өзара сабақтастығы бар. Сондықтан, атқарушы билік пен депутаттық корпус арасындағы бірлескен жұмыстың маңызы айрықша. Бюджет қалыптастырудан бастап, қабылданған шешімдердің елдімекендерде нақты нәтижеге айналуына дейінгі бүкіл үдерісте ортақ ұстаным мен жүйелі бақылау қажет. Өңірдің ертеңгі нәтижесі бүгін қабылданған шешімдердің сапасына байланысты, – деп бастады сөзін аймақ басшысы.

Сегіз айдың статистикасы өңір экономикасының бірқатар бағытта ілгерілеу барын көрсетті. Экономиканың өсімі 2,4 пайызды құраса, өнеркәсіп өндірісі 4,7 пайызға, ауыл шаруашылығы 3,9 пайызға



– Өнеркәсіптегі келесі белес өндіріс көлемін арттырумен ғана шектелмейді. Бастысы, терең өңделген, қосылған құны жоғары өнім шығару. Осы мақсатта металлургия, алюминий өндірісі және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға ден қойып отырмыз. Металлургия саласының флагманы саналатын «Qazmet» кәсіпорнында ауқымды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. №8 және №9 кокс батареялары салынуда, өндіріс газға көшіріледі. Сонымен қатар, жаңа сортты-прокат станын салу көзделген. Бұл жобалар өндіріс тізбегіндегі қайта өңдеу деңгейін тереңдетіп, өнімнің бәсекелік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Алюминий кластерінде де жаңа өндірістік тізбек қалыптастыруға бағытталған жобалар қолға алынған. Орта және жоғары деңгейдегі қайта өңдеу өндірістерін іске қосу арқылы шикізат өндіруден дайын әрі қосылған құны жоғары өнім шығаруға бет бұру көзделіп отыр, – деп сабақтады сөзін Ермағанбет Бөлекпаев.

Миллиардтық меже

Ауыл шаруашылығында да өндірісті тереңдетіп, толық циклге көшу жол ашылуда. «Евразия LTD» компаниясы астықты өңдеуден бастап, сүт өндірісіне дейінгі тізбекті қалыптастыруды көздеп отыр.



артқан. Көлік саласында 0,5 пайыз, саудада 0,3 пайыз өсім байқалды. Биыл облыстың меншікті бюджет кірісі 460 млрд теңгеге жетті. Қаражаттың жартысына жуығы дәстүрлі түрде әлеуметтік саланың еншісінде. Ал, қалған қаржы өңірдің өндірістік қуатын арттыруға және инфрақұрылымын жаңартуға бағытталуда. Өнеркәсіп пен агроөнеркәсіп кешені, шағын және орта бизнес, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен жолдар, цифрландыру және экологиялық жобалар – осы бағыттағы негізгі басымдықтар.

Әлбетте, экономиканың негізгі драйвері өнеркәсіп болып қала береді. Өнеркәсіптің өндіріс көлемін 5 трлн теңгеден асыру міндеті тұр. Сегіз айда 3,7 трлн теңгеден астам өнім өнідірілген. Бүгінде облыс еліміздің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесі бойынша төртінші, өнеркәсіп-өндіріс көлемі бойынша екінші орында. Өнеркәсіптің 71 пайызынан астамы өндіру секторына тиесілі. Металлургия саласы негізгі рөлді сақтауда. 61,8 пайыз. Сонымен қатар, машина жасау үлесі де өсуде. 14,9 пайыз. Өңір экономикасының өзегін өнеркәсіп құрайды. Биыл өнеркәсіптің өндіріс көлемін 5 трлн теңгеден асыру міндеті межеленген. Жылдың сегіз айында өндірілген өнім көлемі 3,7 трлн теңгеден асты.

1 200 басқа арналған сүт-тауарлы фермалар жылына 12 мың тоннаға дейін өнім бермек. Бұл – облыстың сүтке деген ішкі сұранысын толық өтеуге жететін көлем. Өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру да күн тәртібінен түскен жоқ. Жаңа кәсіпорындарды іске қосып, өнеркәсіптік базаны кеңейтуге басымдық беріледі. Осы бағытта «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы мен Саған индустриялық аймағында жаңа жүк автомобильдерін өндіруге арналған жобалар қолға алынған. Ірі жобалар – инвестициялық белсенділіктің құрғатамыры. Өткен жылы Қарағанды облысының негізгі капиталына 1,4 трлн теңге тартылса, биыл сегіз айда көзайым көрсеткіш шамамен 658 млрд теңгені құрады. Оның басым бөлігі жеке сектордың еншісінде. Ал, жыл соңына дейін құны 322 млрд теңге болатын 44 жобаны жүзеге асыру межеленген. Нәтижесінде 2,9 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Инвестицияның игілігі өндіріс орындарымен ғана өлшенбейді. Экономикалық өсімнің ендігі бір тірегі – энергетика. Үшінші жылу электр орталығында жаңа энергоблоқтың құрылысы жалғасып, оған шамамен 60 млрд теңге қарастырылған. Жоталы жоба өңірдің энергетикалық қуатын арттыруға бағытталған қарышты қадам болмақ.

– Біз тек қолдағы нәтижені



саралап отырған жоқпыз. Өңір экономикасының келесі белесіне бастайтын іргелі жобалардың негізін қалап жатырмыз. Алдымыздағы кезеңге арналған осындай төрт ірі инвестициялық жобаға айрықша мән берілуде. Балқашта 1,5 млрд АҚШ долларына жаңа мыс балқыту зауытын салу көзделген. Ақтоғай ауданында 1 млрд АҚШ долларын құрайтын тау-кен байы-

септігін тигізбек. Жылдың сегіз айында көлік қызметтерінің көлемі бастайтын іргелі жобалардың негізін қалап жатырмыз. Алдымыздағы кезеңге арналған осындай төрт ірі инвестициялық жобаға айрықша мән берілуде. Балқашта 1,5 млрд АҚШ долларына жаңа мыс балқыту зауытын салу көзделген. Ақтоғай ауданында 1 млрд АҚШ долларын құрайтын тау-кен байы-

Қарым

Сайын дала төсіндегі тіршілікке тамыр тартқан ауыл шаруашылығы да экономикалық өсімге өзіндік үлесін қосып келеді. Жылдың сегіз айында ауыл шаруашылығы

нын ашу көзделген. Ал, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға ағымдағы жылы 24,4 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға 2,2 млрд теңге бөлінді.

Экономиканың тағы бір тіреу арнасы – шағын және орта бизнес. Кәсіпкерлік саласы халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, бюджет кірісін еселеуге де елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде 228 мыңнан астам адам еңбек етеді. Яғни, облыстағы әрбір үшінші жұмыспен қамтылған азамат осы сектордың мүшесі десек, қателеспейміз. Кәсіпкерлікті қолдауға биыл 3 млрд теңге бағытталды. Осы ретте мемлекеттік қолдаудың экономикалық қайтарымы да нақты көрсеткіштерден аңғарылады. Бірінші жартыжылдықта

ызға, көріз желілерінікін 70 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр. Инфрақұрылымды жаңғыртудың келесі бір бағыты – газдандыру мен энергетикалық желілерді дамыту. Биыл өңірде 150 шақырым газ желісін салу жоспарланған. Қарағанды мен Теміртау қалаларындағы 16 мың үй көгілдір отынға қосылуға мүмкіндік алды. Оның 8 мыңнан астамы газ желісіне нақты қосылған. Сонымен қатар, Ақтау және Ғабиден Мұстафин кенттерін газдандыру жұмыстары жалғасуда. Аталған жобаларды іске асыруға биыл 2,6 млрд теңге қарастырылған. Бұдан бөлек, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын, Ақтас және Дубовка кенттерін газдандыру мәселесі пысықталуда. Жобалар бойынша оң қорытындылар алынып, оларды іске асырудың келесі кезеңіне жол ашылды.

Қазық

Халықтың талап-тілегі де билік назарында. Азаматтардың өтініштері өңірдегі шешімін күткен мәселелердің нақты көрінісін көрсетеді. Жыл басынан бері 58 510 өтініш тіркеліп, оның едәуір бөлігі білім беру, коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау және жер қатынастарына қатысты болған. Әкімнің жеке мәселелері негізіндегі қабылдауларда 322 азаматтың мәселесі қарастырылды.

Облыс әкімінің есебін талқылау кезінде депутаттар өңір тұрғындарын толғандырған бірқатар мәселені ортаға салды. Облыстық мәслихат депутаты Ермек Әбдідин ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдауға назар аударды. Әсіресе, Нұра ауданындағы халық өндірген сүтті өткізу мәселесі өзекті екенін атап өтіп, кооперативтердің өзара тәжірибе алмасуын күшейтуді, мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруді және республикалық форум өткізуді ұсынды. Бұдан бөлек, Приозерск қаласының игілігіне пайдаланылмай жатқан әскери полигон жерлерін қайтару жайы сөз болды. Өңірдегі қалдықтарды қайта өңдейтін кәсіпорындарды қолдап, тиісті жобаларды «Жасыл даму» арқылы республикалық бюджеттен қаржыландыру ұсынылды.

Сессия мінберінде өңірдің бүгінгі тынысы мен ертеңгі межесі қатар таразыланды. Энергетикадан экологияға, жолдан жылуға, білім мен медицинадан спортқа дейінгі сан саланың жайы сөз болып, әр бағыттағы ілгерілеу мен қордаланған міндеттер сараланды. Бір қарағанда әрқайсысы бөлек арна болғанымен, бәрінің тоғысар тұсы бір – халықтың тұрмысын түзеу, елдің енесін тіктеу. Ермағанбет Бөлекпаев сөз соңында депутаттарға ашық пікірлесіп, ортақ шешім қабылдауға ұйытқы болғаны үшін ризашылығын білдірді. Өңір тағыры бір күндік шешіммен өлшенбейді. Ол – жыл-



да, – деді аймақ басшысы.

Коммуналдық және жол-көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға да айрықша мән берілуде. Соның ішінде ауызсумен қамту және су бұру жүйелерін жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Биыл 32,2 млрд теңгеге 280 шақырым су және көріз желісін салу әрі қайта жаңғырту жоспарланған. «Балқаш – Торанғылық» магистральдық су құбырының құрылысы жалғасса, Саран мен Шахтинск қалаларындағы су желілерін ауқымды жаңғырту жұмыстары аяқталуға жақын. Жыл қорытындысында су құбыры желілерінің тозу деңгейін 44 пай-

дар бойы атқарылған істің, сабырмен межеленген мақсаттың, елдік мүдде жолындағы табанды еңбектің жемісі. Сессияда белгіленген міндеттер ендігі жерде қағаздағы жоспар күйінде қалмай, елдімекендердегі нақты іске, халықтың тұрмысындағы нақты өзгеріске ұласуы тиіс. Сонда ғана бүгінгі салмақты сөз ертеңгі нәтижеге айналары сөзсіз. Атқарылған істің нәтижесі мен алда тұрған ауқымды міндеттер депутаттар назарынан өтті. Талқылау түйінінде депутаттық корпус есепті қолдап, бірауыздан қабылдады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Сапалы су, сенімді жүйе

Қала тіршілігінде көбінеки елеу-сіз қалатын, бірақ, бір сәт істен шықса, баршаға бірден сезілетін нәрсе кәдімгі краннан үздіксіз аға-тын су дер едік. Кестік кезеннен қалған сан шақырымдық құбырлар мен бетон құрылыстар жаңғыртуды асыға күтіп тұрғандай осы күні. Көнігі мамандар не дейді? Ауыз су-мен қамту және су бұру жүйелерін жаңғырту жұмыстары облыстық табиғи монополияларды реттеу де-партаментінің де көземелінде екен-дігі аян. Салалық департамент бас-шылығы атаулы шараға ұйытқы бола білді. БАҚ өкілдері «Қарағанды Су» ЖШС нысандарын аралап, кәсіпорынның өндірістік алаңда-рындағы атқарылып жатқан жұ-мыстармен етене танысты.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»


Арна

– Халықтың қаржысы халықтың игілі-гіне жұмсалып жатқанын тұрғындар біл-гені жөн. Әсіресе, күн сайын тұтыныла-тын ауызсуға қатысты мәселе болса, оған қоғам назарын аудару – орайлы қажет-тілік. Су тарифі мен оның сапасы бір-бірі-нен бөлек қаралмайды. Сондықтан, біз қадағалаушы орган ретінде осы баспасөз шарасына бастамашы болып, азаматтық қоғам өкілдерін, мәслихат депутаттары мен журналистерді ортақ іске жұмылды-рдық. Мұндай ашықтық халыққа атқа-рылып жатқан жұмыстың мәнін түсінуге игі ықпал етеді. Бүгін салынып, жаңғы-ртылып жатқан нысандардың нақты ша-рапатын бірден сезіну қиын. Дегенмен, келер жылдан бастап, бағдарламаның алғашқы нәтижелері тұрғындар тұрмы-сына әсер ете бастайды, – деп пікір қосты салалық департамент басшысы Қымбат Бейсенов.

Журналистерді қаланың шеткері тұ-сындағы тазарту құрылыстары орна-ласқан аумақта тігілген ақшанақан шатыр «қарсы алды». Ішінде үлкен экран орна-тылып, онда бірінен соң бірі алма-кезек алмасқан слайдтарда нақты көрсеткіштер, инженерлік сызбалар және нысандардың «дейін» мен «кейінгі» көріністері ретімен ұсынылған-тын. Экран алдына «Қараған-ды Су» кәсіпорының басшысы Ербол Төлеуовтің өзі келді.

Кәсіпорынның тарихы терен. Бүгінгі көрсеткіштері де бір қарарлық. Шежіресі 1958 жылдан бастау алады. Бүгінде ком-пания 100 пайыз мемлекет меншігінде. Құрылтайшысы – Қарағанды қаласының «Мемлекеттік активтер және сатып алу-лар бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Жеті онжылдыққа жуық уақыт ішінде кәсіпо-рын қаланың тіршілігін қамтамасыз ететін ірі инфрақұрылымдық құрылымға айналғаны мәлім. Қазірде оның қара-мағындағы су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы – 1 181 шақырым, ал, су бұру желілерінің ұзындығы 774 шақырымды құрайды. Бұдан бөлек, кәсіпорынның сенімгерлік басқаруы мен жедел қызмет көрсетуінде тағы 8 шақырым су құбыры, әрі, 56 шақырым су бұру желісі және бар. Суды қалыпты күйіне келтіру, ағын сулар-ды қабылдау кешендерінің жобалық қуа-ты да ауқымды. Құбыр жүйесі тәулігіне 650 мың текше метр су өткізуге есептел-ген. Қазіргі нақты көлем – 206 мың текше метр. Ал, су бұру жүйесінің жобалық қу-аты тәулігіне 232 мың текше метр болса, іс жүзінде 140 мың текше метр ағын су қабылданатын көрінеді.

– Кәсіпорын қарамағында 98 су айдау стансасы бар. Оның 8-і – негізгі, 90-ы –



сорғы қысымын арттыратын стансалар. Сонымен қатар, су бұру жүйесінде 13 станса жұмыс істейді. Төртеуі – негізгі, 9-ы – қосалқы стансалар. Инфрақұрылым ауқымын 82 шақырым әуе және кабель-дік электр желісі мен 15 қосалқы станса толықтырады. Осының бәрін бір арнаға тоғыстырғанда, «Қарағанды Су» жөне-кей су арнасы болмас, тұтас қаланың қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп отырған күрделі инженерлік ағза екендігі бірден аңғарылады. Ал, осы алып жүйе-нің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп жүрген кәсіпорын ұжымында бүгінде 1 695 адам еңбек етеді, – деді спикер сөзінің басында.

Жүйе

«Қарағанды Судың» биылға арналған инвестициялық бағдарламасына келсек, жоталы жоба «Энергетикалық және ком-муналдық секторларды жаңғырту» ұлт-тық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Бағдарлама бірден екі маңызды бағытты қамтиды. Біріншісі – магистральдық және орамшілік желілерді қайта жаңарту бол-са, екіншісі – негізгі өндірістік нысандар-ды, атап айтқанда, тазарту құрылыстары блогы мен көріздік сорғы стансасын күр-делі жаңғырту. Осы жылғы инвестици-ялық бағдарламаның қос бағыт бойынша жалпы көлемі 5 млрд 922,188 млн теңге шамасын құраған. Мұның ішінде су-мен жабдықтау жүйесіне 2 млрд 437,394 млн теңге қарастырылып, 26,5 шақырым желіні қайта жаңарту жоспарланған. Ал, су бұру жүйесіне 3 млрд 484,794 млн тең-ге бөлініп, 10,2 шақырым желіні жаңғы-рту көзделген. Қаражат қомақты. Бұған желілердің қазіргі жағдайы да итерме-леп тұрғандай. Бүгінде сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 57,5 пайызға жетсе, су бұру жүйесіндегі көрсеткіш одан да жоғары – 80,3 пайыз.

– Қазірде инвестициялық бағдарла-маның орындалуы көзделген меженің жартысына жуықтаған. Сумен жабдықтау бағытында жоспарланған 26,5 шақырым-ның 13,91 шақырымы, яғни, 52,5 пайызы қайта жаңартылған. Ал, су бұру жүйесі бойынша көзделген 10,2 шақырымның 5,27 шақырымы орындалып, көрсеткіш 51,5 пайызды құрады. Жұмыс барысы кәсіпорынның өз күшімен де, мердігер ұйымдарды тарта отырып та қатар жүр-гізілуде. Бір жерде ескі құбырлар жаңасы-на алмастырылса, енді бір учаскеде жер астындағы инженерлік желілерді жаңғыр-ту амалдары қызу жүріп жатыр. Қаланың көзге көрінбейтін құретамырлары осы-лайша біртіндеп жаңарып келеді, – деді сеніммен Ербол Уәлиұлы.

Яғни, екі бағытта да жылдық жоспар-дың жартысынан астамы еңсерілген.



Биыл қайта жаңғыртылатын нысандар-дың тізіміне қаланың барлық дерлік аума-ғындағы ондаған учаске енген. Жұ-мыс ауқымы «Қирзавод» деп аталатын қала бөлігінен «Гүлдер» шағынауданына жалғасып, Пришахтинск, Степной шағын аудандарына және Ақтас кентіне дейінгі аралықты қамтиды. Жаңғырту жұмыста-ры бір ғана аумақпен шектелмей, қаланың әр қиырында қатар жүріп жатыр. Су бұру жүйесіндегі жұмыстардың да ауқымы кең. Бұған қоса, ірі көріз коллекторлары-на да айрықша көңіл бөлінген. Қаланың әр ауданындағы ілкімді жұмыстар бір қарағанда бөлек-бөлек аумақтар секіл-ді көрінгенімен, түпкі мақсаты ортақ. Ондаған жыл бойы пайдаланылып келе жатқан инженерлік желілердің сенімділі-гін арттырып, су жүйесінің үздіксіз жұ-мысын қамтамасыз ету аса қажет.

«Жүйенің жүрегі не?» десек, тазарту құрылыстарын атар едік. Инвестициялық бағдарламаның жеке әрі қаржы көлемі жағынан ең ауқымды бағытының бірі – «Қарағанды Су» ЖШС тазарту құрылы-стары кешенінің 2 және 3-кезекдерінің негізгі құрылыс блоктарын қайта жаңғы-ртуды айтамыз. Нысан сонау 1974 жылы пайдалануға берілген. Ғимараттың көлемі – 120×108 метр, ең биік тұсы 9 метрге жетеғабыл. Жобалық қуаты тәулігіне 150 мың текше метр ағын суды қабылдауға шакталған. Жобаның тапсырыс берушісі – «Қарағанды Су» ЖШС. Бас мердігер міндетін «Мелиратор» ЖШС атқаруда. Техникалық қадағалауды «Қазақстандық жобаларды басқару орталығы» ЖШС, ал, авторлық қадағалауды «МұнайГаз Ин-жиниринг» КБ ЖШС жүзеге асырады.

Қайта жаңғырту жобасының жалпы құны 15 млрд 324,145 млн теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары былтыр қараша-да басталған. Жоспар бойынша нысанды жаңғырту 2027 жылғы ақпанда аяқталуы тиіс.

– Су тазалығы – бір сәттік бақылау-мен шектелмейді. Біз оның әрбір кезеңін сағат сайын көзден өткізіп жатамыз. Реа-генттердің мөлшері де қатаң қадағалана-ды. Табиғаттың өз заңдылығы бар. Жаз бен күзде су көзінде балдырлар көбейіп, соның әсерінен судың өзіне тән емес иісі мендеп кетуі мүмкін. Кей жағдайда хлор-мен әрекеттескен балдырдың иісі тіпті күшейе түседі. Осындай сәттерде бел-сендірілген көмір концентратын пайда-ланамыз. Жалпы, суды тазарту – бірнеше технологиялық кезеңнен тұратын күрделі үдеріс. Химиялық өңдеу мен физикалық сүзгілеу бірін-бірі толықтырып, суды ақыр соңында белгіленген талаптарға сай ауызсу деңгейіне жеткізеді, – дейді зерт-хана жетекшісі Елена Гниломедова.

дірістік ғимараттар мен технологиялық жабдықтар жаңа кейіпке ене бастаған. Бағдарлама аясындағы тағы бір ірі нысан – Қарағандыдағы №13 көріз сорғы станса-сын қайта жаңғырту. Станса 1973 жылы салынған. Жобалық қуаты сағатына 3 420 текше метр ағын суды қабылдай ала-ды. Жұмыс реті былтыр басталғанымен, аталған жобаны 2027 жылғы желтоқсанда аяқтау жоспарланды. Қайта жаңғыртудан кейін стансаның негізгі жабдықтары да толық жаңарады. Мұнда Flygt CZ3351/935 маркалы көлденең құрғақ қондырғыда жұмыс істейтін төрт батырмалы көріз со-рғысы, сорғы жабдықтарын бақылау және басқару шкафы, сондай-ақ, блок-модуль-дік үлгідегі жинақтық трансформаторлық қосалқы станса орнатылады. Жаңа техно-логиялық жабдықтар стансаның өнімділі-гін арттырып қана қоймай, оның сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуіне септеседі.

Алда да атқарылар жұмыс баршылық көрінеді. Тілшілер қауымына танысты-рылған жобалардың барлығы бір мау-сымның еншісінде қалмайды. Тазарту құрылыстары мен №13 көріз сорғы стан-сасын қайта жаңғырту жұмыстары 2027 жылдың соңына дейін жалғасады. Ал, орамшілік желілерді жаңарту кейінгі ин-вестициялық кезеңдерде де өз жалғасын табады. Мәліметтерге сүйенсек, бүгінде инвестициялық бағдарламаның орындалу деңгейі 52 пайызға жуықтаған. Қарағанды – орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі қалыптасқалы жетпіс жылға жуық уақыт өткен ірі өнеркәсіптік шаһар. Мұн-да су – кідірісті көтермейтін тіршілік өзе-гі. Бір құбыр жөнделіп жатқанда, екіншісі жаңадан төселіп жатады. Бір учаскедегі ескі желі алмастырылса, келесі аумақта жаңа жүйенің іргесі қаланады.

– Шынын айту керек, жергілікті тұрғындар тарапынан краннан аққан су-дың сапасы мен бөгде иісіне қатысты же-келеген шағымдар әлі де кездесіп қалады. Өз басым да кран суын тікелей іше бер-меймін. Дегенмен, қолға алынған жаңғы-рту жұмыстары мен инвестициялық бағдарлама ауызсу сапасына оң ықпал



Тыныс

Нысан құрамында бірнеше техноло-гиялық буын бар. Мұнда су ағынын ара-ластырғыш, тұнған суды шашыраңқы жинайтын көлденең тұндырғыштар және олардың құрамына кіріктірілген байла-ныс камералары қарастырылған. Со-нымен қатар, кешенде 8 жылдам сүзгі және коагулянтқа арналған 4 шығын бағы да бар. Бірнеше айдың ішінде уақыт табы сіңген күңгірт қабырғалар жаңарып, өн-

етеді деген үмітіміз зор. Бұл – бір күн-де шешілетін мәселе емес. Оның нақты нәтижесі уақыт өте келе, бірнеше жылдың ішінде айқын сезіледі. Ең бастысы, бүгін-гі жаңғырту ертеңгі сапалы суға салынған негіз болуы тиіс. Облыс аумағының кенді-гін де ескерсек, мұндай ауқымды жұмы-стың кезең-кезеңімен жүзеге асатыны заңды, – деді облыстық мәслихат депута-ты Ермек Әбілдин.

Суреттерді түсірген автор



• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ғылымға арналған ғибратты ғұмыр

Бір білім ордасында 56 жылдан астам еңбек ету – жай ғана еңбек өтілі емес. Таңдалған мамандыққа адалдықтың, ғылымға деген шексіз сүйіспеншіліктің және ұстаздық жолға деген беріктіктің көрінісі. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Экономика және халықаралық бизнес» кафедрасының еңбек сіңірген профессоры, экономика ғылымдарының докторы Роза Қабыкенқызы Андарованың ғибратты ғұмыры осындай ұстаныммен өрілген.

Биыл ғылым мен білім саласына саналы ғұмырын арнаған ғалым 80 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осы айтулы датаға орай «Экономика және халықаралық бизнес» кафедрасының бастамасымен «Экономика, білім, өндіріс: интеграция және дамудың стратегиялық бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференция тақырыбының өзі – мерейтой иесінің көп жылғы ғылыми ізденістерімен сабақтас. Роза Қабыкенқызы еңбек жолында ғылым мен білімді, теория мен тәжірибені ұштастырып, экономика саласына білікті мамандар даярлауға елеулі үлес қосты.

Роза Андарова 1946 жылы 1 тамызда Қарағанды облысы Нұра ауданының Қазгородок ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Отбасындағы үлкен қыз мектеп табалдырығын аттағанға дейін-ақ білімге деген қызығушылығымен ерекшеленді. 1953 жылы отбасы Қарағанды қаласына қоныс аударған кезде қазақ тілінде білім алған Розаға орыс тілін жаңадан меңгеруге тура келді. Табиғи зеректігі, табандылығы мен сапалы білімге деген ұмтылысы оның алдағы өмір жолына берік негіз қалады.

1961 жылдың күзінде Қарағандының Ленин ауданына көшіп келеді. Роза Андароваға соңғы үш сыныпта Мир бульварындағы (қазіргі Н.Назарбаев даңғылы) №3 орта мектепте оқу бақыты бұйырады. Мектеп директоры Лев Агроновский болатын. Физика-математика бағытындағы бұл білім ордасында оқу өте қиын болғанымен, беделі жоғары еді. Дәл осы мектеп қабырғасында Роза Андарованың болашақ мамандығын таңдауға деген қызығушылығы қалыптасты. Табиғи зеректік, жақсы әрі болашағы зор білім алуға деген ұмтылыс ерік-жігері мен табандылығымен ұштасып, Роза Андароваға Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетіне түсу емтихандарын бірден сәтті тапсыруға мүмкіндік берді.

1969 жылы «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастырылуы» мамандығын тамамдады. Қарағанды тау-кен техникумында бір жыл оқытушы болып еңбек еткеннен кейін, 1970 жылдың мамырында Қарағанды педагогикалық институтының саяси экономия кафедрасына оқытушы болып қабылданды. Осы сәттен бастап

Роза Қабыкенқызының жоғары білім беру саласындағы ұзақ та мазмұнды еңбек жолы басталды.

Студенттік кезінен қолға алған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру мақсатында С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің жаратылыстану факультеттерінің саяси экономия кафедрасына мақсатты аспирантураға түседі. Белгілі ғалым-экономист, профессор, экономика ғылымдарының докторы В.Пурицтің жетекшілігімен ғылыми ізденісін тереңдете түсті.



1980 жылдардағы Саяси экономика кафедрасы

1978 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған жас ғалым Қарағандыға оралып, аға оқытушы, кейін доцент қызметтерін атқарды. 1992 жылдан бастап Қарағанды мемлекеттік университетінің саяси экономия кафедрасын басқарды. Ал, доцент ғылыми атағы оған 1983 жылдың маусымында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен берілді. Ел өміріндегі күрделі кезеңдердің бірі болған 1990 жылдары жоғары білім беру жүйесі де үлкен өзгерістерді бастан өткерді. Нарықтық экономикаға көшу экономикалық теорияға жаңаша көзқарасты талап етті. Бұл үрдістер саяси экономия кафедрасының атауын Экономикалық теория кафедрасы деп өзгертуге негіз

болды. Бұл өзгеріс міндетті компонент ретіндегі жаңа нарыққа бағдарланған оқу курстарын, сондай-ақ, таңдау компонентін әзірлеумен қатар жүрді. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы әзірлеген элективті курстардың негізіне жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері арқау болды.

Ғалымның зерттеулері нәтижесінде «Саяси экономия» және «Экономикалық теория» мамандықтары бойынша бірқатар диссертациялар қорғалды. Экономиканың өзекті мәселелерін зерттей отырып, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету жолдарына назар аударды. Оның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1997 жылы «Региональная экономика», 2000 жылы «Проблемы экономического роста в

условиях рынка» атты іргелі еңбектері жарық көрді.

1998 жылдың қыркүйегінен 2001 жылдың тамызына дейін экономика ғылымдарының докторы, профессор Р.Кәреновтің жетекшілігімен докторантурада білім алды. Ал, 2006 жылдың қарашасында «Қазақстан Республикасының экономикалық өсуін реттеу және қамтамасыз етілу проблемалары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Ғалымның бұл еңбегінде экономикалық өсудің басым факторларына жүйелі талдау жасалып, Қазақстандағы тұрақты экономикалық өсу стратегиясын іске асыру тетіктері негізделді. Сонымен бірге, аграрлық және тау-кен өндірісі секілді экономиканың базалық салаларының

дамуына қатысты ұсыныстар әзірленді. 2007 жылы оған экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі, 2011 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

Роза Қабыкенқызының ғылыми мұрасы да, ұстаздық еңбегі де ауқымды. Ол 100-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Бакалавриат, магистратура және докторантураға арналған 10-нан астам авторлық курсты әзірлеп, оқу үдерісіне енгізді. Олардың қатарында «Экономикалық өсудің өзекті проблемалары», «Экономикалық өсу теориялары», «Бәсекелестік және монополия теориялары», «Қазіргі экономикалық зерттеулер әдіснамасы», «Экономикалық пәндерді оқыту әдістемесінің проблемалары» сияқты курстар бар. Ғалымның авторлығымен «Бәсекелестік және монополия теориялары» (2016), «Экономикалық зерттеулер әдіснамасы» (2018), «Қазіргі экономикалық ой» (2020) атты оқу құралдары жарық көрді.

2008-2010 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болды. 2005-2011 жылдары жоғары оқу орындарын аттестаттау және олардың мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру жөніндегі министрлік жанындағы комиссиялардың құрамында еңбек етті. Сонымен қатар, республика жоғары оқу орындарында экономикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссиялардың төрайымы қызметін атқарды.

Ғалымның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Педагогикалық, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі үшін Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісіне, «Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері» атағына және «Қоғам қайраткері» медаліне ие болды.

Роза Қабыкенқызының еңбек жолындағы ең үлкен ерекшеліктің бірі – өзінің білім ордасына деген адалдығы. Ол Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде 56 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келеді. Осы қарашыарқта оқытушыдан доцентке, профессорға дейін көтеріліп, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Педагогикалық, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарды қатар алып жүріп, талай буын маманның қалыптасуына үлес қосты. Қазіргі уақытта «Эконо-

мика және халықаралық бизнес» кафедрасының профессоры бола тұра, ол жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңартуға үлкен үлес қосуда. Мәселен, қазіргі таңда экономика және халықаралық бизнес кафедрасында бакалавриаттың сұранысқа ие төрт мамандығы («экономика», «әлемдік экономика», «іскерлік әкімшілендіру», «жобаларды басқару», «құқық және экономика негіздері»), сондай-ақ, докторантура шеңберінде «экономика» мамандығы бойынша сәтті дайындық жүргізілуде.

Роза Қабыкенқызы әріптестері мен студенттері арасында зор құрмет пен беделге ие, ол отбасында, тұрмыста, қарым-қатынаста – барлық адами қасиеттер бойынша нағыз үлгі боларлық тұлға.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті экономика факультеті ұжымының атынан Сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің өмір жолыңыз – ғылым мен білімге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Туған университетіңіздің қабырғасындағы 56 жылдық еңбек, дайындалған мыңдаған мамандар, ондаған ғылыми еңбектер және бір шоғыр ғалымдарды тәрбиелеп шығару – Қазақстанның экономикалық ой-өрісін дамытуға қосқан баға жетпес үлесіңіз.

Экономика, білім беру және өндірісті интеграциялауға арналған ғылыми идеяларыңыз көптеген зерттеулердің іргетасына айналды және жас ғалымдар буынын шабыттандырды жалғастыруда. Сіздің кәсібилігіңіз бен даналығыңыз, ұстанымның беріктігі мен мейірімділігіңіз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің шынайы сүйіспеншілігі мен лайықты беделіне ие болды.

Сізге мықты денсаулық, сарқылмас қуат, амандық және жаңа шығармашылық табыстар тілейміз! Әр күніңіз қуаныш әкелсін, ал бай тәжірибеңіз бен біліміңіз Қазақстан Республикасының ғылыми мен білімінің игілігі үшін әлі де ұзақ қызмет ете берсін!

**Ізгі ниетпен,
Е.АҚБАЕВ,
академик Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ экономика
факультетінің деканы,
э.ғ.к., профессор**

**Н.КУТТЫБАЕВА,
«Экономика және
халықаралық бизнес»
кафедрасының
меңгерушісі PhD докторы,
қауымдастырылған профессор**

Суреттер автордан

ЖИ білім жүйесінде

Қазақстандағы шағын жинақты мектептерде жасанды интеллект қолданылатын білім беру жобасы кезең-кезеңімен кеңейтіледі. Жоспарға сәйкес, 2028 жылғы шілдеге дейін жоба елдегі шамамен 2,6 мың шағын жинақты мектепті қамтуы көзделіп отыр.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі уақытта пилоттық жоба Павлодар және Қызылорда облыстарындағы 10 мектепте жүзеге асырылуда. Жобаға 50-ден астам төртінші сынып оқушысы қатысып, математика, цифрлық сауаттылық, қазақ және орыс тілдерін оқып жатыр. Оқыту гибриді форматта ұйымдастырылған. Яғни сабақты «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығының арнайы жабдықталған студиясынан тәжірибелі мұғалімдер онлайн өткізеді. Ал, ауыл мектептеріндегі сыныптарда оқушылармен бірге жергілікті педагогтер жұмыс істейді.

Оқушылардың сабаққа белсенділігі мен оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау үшін интерактивті кликерлер мен цифрлық құралдар қолданылады. Жасанды интеллект оқушылардың жауаптарын талдап, біліміндегі олқылықтарды анықтауға және қосымша қолдауды қажет ететін балаларды айқындауға мүмкіндік береді. Қазақстанда ауылдық жерлерде шамамен 2,6 мың

шағын жинақты мектеп бар. Мұндай білім беру ұйымдарында кей сыныптарда бес-алты ғана оқушы білім алады. Сондықтан, барлық пән бойынша тәжірибелі мамандарды тарту мүмкіндігі бірдей емес. Жоба аясында Астанадағы білікті мұғалімдер ауыл мектептеріне онлайн форматта сабақ береді. Бұл ретте жасанды интеллект педагогті алмастырмайды, керісінше, мұғалімнің жұмысын тиімді ұйымдастыруға көмектесетін құрал ретінде пайдаланылады.

Жобаны кеңейту бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылмақ. 2027 жылғы қаңтарға дейін оған қатысатын мектептер санын кемінде 50-ге, сәуірге қарай 440-қа жеткізу жоспарланған. Ал, 2028 жылғы шілдеге дейін шамамен 2,6 мың шағын жинақты мектепті қамту көзделіп отыр. Жобаның ауқымын кеңейту туралы келісім Қазақстанның Q.AI компаниясы мен халықаралық 01.AI компаниясы арасында Үрімші қаласында жасалды. 01.AI компаниясының негізін жасанды интеллект саласындағы сарапшы Ли Кай-Фу қалаған. Ол Қазақстан Президенті жанындағы Жасан-



ды интеллект жөніндегі кеңестің құрамына кіреді.

Платформаның технологиялық базасы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инфрақұрылымында орналастырылып, отандық суперкомпьютерлік кластерге қосылған. Жобамен қатар мұғалімдердің, мектеп басшыларының және аудандық білім бөлімдері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстары да жалғасады.

Жоба 2026-2029 жылдарға арналған орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізудің кешенді жоспарына енгізілген. Бастама ауыл оқушыларының заманауи білім беру ресурстарына қолжетімділігін арттыруға, оқу үдерісін жекелендіруге және білім сапасының оқушының тұрғылықты жеріне тәуелділігін азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, жоба педагогтер мен оқушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Гибриді оқыту мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы шағын жинақты мектептердегі білім беру мүмкіндіктерін кеңейту көзделіп отыр.

Тұрғындар өтініші ескерілді

22 қыркүйектен бастап Майкұдықтағы 14-шағынаудан тұрғындары үшін жаңа №22 автобус бағыты қатынай бастайды. Жаңа бағыт тұрғындардың көлік қатынасын жақсарту жөніндегі көптеген өтінішінен кейін ашылып отыр. Әзірге автобус тестілік режимде жұмыс істейді.

Қарағанды қаласы әкімдігінің хабарлауынша, автобустар 14-шағынауданнан жолға шығып, Күзембаев көшесі – Магнитогорская көшесі – К. Маркс көшесі – «Global City» COO бағытымен қатынайды.

Жаңа бағытқа төрт автобус шығару жоспарланған. Жолаушылар тасымалын «Таксокомбинат 1» ЖШС жүзеге асырады. Автобустардың жүру аралығы шамамен 18-20 минут.

Әзірге №22 бағыттың қозғалысы сызбасы түпкілікті бекітілген жоқ. Сынақ кезеңінде мамандар жолаушылар легін бақылап, жаңа бағыттың тұрғындар арасында қаншалықты сұранысқа ие екенін зерделейді.



Мониторинг қорытындысына қарай, автобустың қозғалысы сызбасы мен кестесіне өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Жаңа бағыттың іске қосылуы 14-шағынаудан тұрғындарының қаланың басқа бөліктеріне қатынауды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Әсіресе, күнделікті жұмысқа, оқу орындарына және сауда нысандарына қоғамдық көліппен қатынайтын тұрғындар үшін №22 бағыт қосымша көлік мүмкіндігін ұсынады.

Қоғамдық көлік желісін кеңейту қаладағы көлік жүктемесін азайтуға да ықпал етеді. Жаңа бағыт жеке автокөлікке тәуелділікті төмендетіп, тұрғындардың қоғамдық көлікті жиірек пайдалануына жағдай жасамақ. Осы тұрғыдан алғанда №22 маршруттың іске қосылуы Майкұдықтағы көлік инфрақұрылымын жетілдіру бағытындағы кезекті қадам болмақ.

Өз тілшімізден

• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ!

Сегіз қырлы, бір сырлы талант еді

Құрманғазы атындағы консерваторияда алған білімі бойынша музыкант – халық аспаптары оркестрінің дирижері, композитор, еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы бойынша өнер зерттеушісі – Арқаның әнші-композиторлары, тау тұлға Шамғон Қажығалиев туралы кітаптардың авторы, Жаратушының бойына бітірген дарыны мен таланты бойынша акын – балалар мен ересектерге арналған көптеген жыр кітаптарының иесі, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Тілеуғазы Бейсенбек шын мәнінде жоғарыда, бас тақырыпқа қойылған анықтамаға әбден лайық азамат болатын.



1942 жылы қазіргі Жетісу облысына қарасты Ақсу ауданының Көкжиде ауылында жарық дүние есігін ашқан ол Сарыарқаның – Қарқаралы ауданы құрамындағы Мыржық ауылының тумасы еді. Әкесі Рымбек Семейде оқып жүргенде Алаш үкіметінің байланысқанын әлдекімдер біліп қалып, басына қауіп төнгенде «халық жауларын» аулау науқаны басталар қарсаңда ірге көтеріп, отбасымен Балқаштың арғы бетіне жылыстап кетуге мәжбүр болады.

Жоғары білім алғаннан кейін Тілекеннің Қарағандыға келуіне себеп болған жағдай да осы – бабаларының ата қонысына жақындау еді. Бірақ, ана сүтімен тал бойына біткен сырбаз мінез, салқынқандылық мұндағы қандас, рулас ағайындармен тонның ішкі бауындай араласып кетуіне мүмкіндік бере қоймапты. Ет жақын туыстары отызыншы жылдардың ойранында опат болып, тірі қалғандары орыстың тілін, салт-дәстүрін қабылдағаннан кейін кең байтақ Сарыарқадан тапқан бар туысы ақын Кәрім Сауғабай және мен екенмін. Содан болар, бірде кеңінен кесіліп отырғанымызда: «Менің көп туысым жоқ. Тіпті, Егіндібұлаққа барған жүргенде қандас ағайындармен жұғысып кете алмадым. «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген, жатбауырлығымның салдары шығар. Менен гөрі ондағы ағайындармен жеңгек көбірек араласады», – деп сыр ашқаны бар еді.

Ұзақ жылдар бойы Қарағандының музыкалық білім беру мекемелерінде, мәдениет басқармасында табысты қызмет атқарған Тілеуғазы ағамыз Арқаның рухани өмірі өсіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты – музыканттардың тұтас бір

шоғырын тәрбиелеп шығарды. Тіпті зейнеткерлікке шыққан соң, Астанаға қоныс аударған соң да педагогикалық жұмыстан қол үзбей, өскелең ұрпақты сырбаз өнердің сырына қанықтырумен айналысты. Сонымен бірге, дербес шығармашылығын үстеп, бірнеше кітап шығарды, музыкалық шығармалар жазды. Сексеннің сегізгіне шыққанда балаларға арналған «Самұрық келген таң» опереттасы ел ордасының балғын көрермендеріне зор тарту болды. Соңғы жылдары ауыр науқасқа ұшырағанына қарамастан, шығармашылық еңбектен қол үзген жоқ. Оның «Қыпшақ қызы Аппак» либреттосына жазылған ағайынды Әбдінұрғардың операсы әлемдік туынды ретінде қабылданып, «Астана-Опера» театрында зор аншлаптен өтті.

«Өкініш өртеп

күрсінбегенімде,

Естілмес пе еді

дүрсілдегенің де.

Кеудемді тептің бұзып

шығардай боп,

Қиналғаныңды сенің білсін дегенің бе?» – деп жырлаған сергек ақын, музыкант, сегіз қырлы, бір сырлы сырбаз азамат Тілеуғазы Бейсенбектің мәңгі ұйқыға кетіп, жер бетігіне бөленгеніне қырық күн уақыт өтті. Жалған дүние елдің бәрінен қалады. Дегенмен, көзі жұмылғанша ұлтының рухани әлемі үшін қызмет жасаған Тілеуғазының қызығарлық есімі ұмытылмауы керек.

Бақұл болыңыз, Тілеуғазы аға! Топырағыңыз торқа болсын! Сіздің көрмеген қызығыңыз, жасамаған жасыңыз жеңгеміз Дания мен қыздарыңыз Гауһар мен Лаураға, ұрпақтарыңызға бұйырсын!

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

Сурет автордан

Сұңғат Смағұлұлы СӘТТІҒҰЛОВ

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Сұңғат Смағұлұлы Сәттіғұловтың 104 жасқа қараған шағында дүниеден өткенін қайғыра хабарлаймыз. Бұл қаза оның отбасы мен жақындарының, барша Қарағанды облысы тұрғындарының қабырғасын қайыстырды. Сұңғат Смағұлұлы жастық шағында Отан қорғауға аттанды. Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысып, ауыр жараланды. Емделгеннен кейін қайтадан майданға оралып, Минск қаласын азат етуге атсалысты. Соғыстан соң құрылыс саласында еңбек етіп, Қарағанды өңірінің дамуына үлес қосты. Ол өмірінің соңына дейін ел өмірінен қол үзген жоқ. Жыл сайын Жеңіс күніне арналған іс-шараларға қатысып, жастарға соғыс жылдары туралы айтып, бейбіт күннің қадірін ұғындырды. Біз оны осындай кездесулердегі ақыл сөзімен, қайратты қалпымен есте сақтаймыз. Сұңғат Смағұлұлының ерлігі мен өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала береді. Қарағанды облысының тұрғындары атынан Сұңғат Смағұлұлының балаларына, туған-туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамыз. Қайғыларыңызға ортақпыз. Ардақты ардагердің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.



Е.БӨЛЕКПАЕВ, Н.КОБЖАНОВ, А.ТАЙЖАНОВ, Ш.СҮЙІНБАЕВ, Р.КЕНЖЕБЕКОВ, Ә.ӘЛДЕНЕЙ, О.ТАУРБЕКОВ, М.КОЖУХОВ, Е.ҒАЛИЕВ, Н.БИКЕНОВ, А.БУКЕНОВ, Ғ.ТУЯҚОВ, Т.АХМЕТБЕКОВ, Т.КАМАЛИЕВ, М.АЙМАҒАМБЕТОВ.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Ұлы Отан соғысына қатысушы майдангер, Қарағанды облысының Құрметті ардагері **Сұңғат Смағұлұлы СӘТТІҒҰЛОВТЫҢ** 104-ке қараған жасында қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінде «Ақтоғай Энерго» ЖШС Шашубай кентіндегі филиалының суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау қызметтеріне индекскеу әдісін қолдана отырып тарифті өсуі бойынша **жария тыңдаулар өтеді**

Жария тыңдаулар 2026 жыл 22 қазанда:

– сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті, Ақбергенов 1Б көшесі, Әкімшілік ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады. «Ақтоғай Энерго» ЖШС Шашубай кентіндегі филиалының байланыс телефоны: 8 (702) 720 97 13

Кәсіп көбейсе, ауыл көркейеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай кооперациялық бірлесудің озық үлгісін Үштөбе ауылындағы «DG Сүт» ауылдық өндірістік кооперативінен көруге болады. Кәсіпкер Күләш Серікова жетекшілік ететін бұл жоба айналасына 50-ге жуық жеке шаруашылықты біріктіріп отыр. Мемлекеттен алынған 28,6 миллион теңге несиеге заманауи құрал-жабдықтар сатып алынып, қазіргі таңда цехта 11 адам тұрақты еңбек етуде. Тәулігіне 1,5 тонна сапалы сүт өнімдерін – май, қаймақ, сүзбемен қатар ірімшік пен құрт шығаратын кәсіпорын өз өнімдерін балабақшалар мен мектептерге, мемлекеттік мекемелер мен ірі сауда үйлеріне келісімшарт негізінде жеткізеді. Алдағы уақытта қайта өңдеу көлемін тәулігіне үш тоннаға жеткізіп, қосымша 10 жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырған ұжымның қадамы нық.

Осы Үштөбе ауылында өсімдік шаруашылығын серік еткен «Aqjol-2023» және «Zhailau-krg» кооперативтері де жалпы құны 42 миллион теңге болатын жеңілдікпен несие алып, екі бірдей жылжымай салды. Бұл шаруа иелері ауыл тұрғындарын жыл бойы балғын көкөніспен қамтамасыз етпек.



Бағдарламаның тағы бір игілігі – ауыл шаруашылығынан тыс, этнотуризм мен қызмет көрсету саласындағы тың жобалардың аяқтан тік тұруына мүмкіндік беруі. Ботақара кентінде қоғамдық тамақтану саласында 18 жылдық тәжірибесі бар кәсіпкер Маржангүл Әбікеева жетекшілік ететін «Этноауыл Достар» жобасы осының жарқын айғағы. Мемлекеттен алынған 31,3 миллион теңге көлеміндегі 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие мен біржылдық қаникул мерзімі кәсіпкердің бұрыннан бар дәмханасын ұлттық нақыштағы заманауи демалыс кешеніне айналдыруына септігін тигізді. Бүгінде мұнда тігілген киіз үй-

Сұңғат Смағұлұлы СӘТТІҒҰЛОВ

Ардагердің жарқын бейнесі жадымызда

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Сұңғат Смағұлұлы Сәттіғұлов 104 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Сұңғат Смағұлұлы 1923 жылы 1 қаңтарда Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген.

18 жасында Кеңес әскері қатарына шақырылып, 1942 жылғы маусым айынан бастап, Сталинград шайқасына қатысты. 1943 жылы жараланып, госпитальда емделгеннен кейін 1944 жылы қайтадан майданға аттанды.

1947 жылы әскер қатарынан босатылған соң, Алматы облысындағы Шамалған құрылыс техникумына оқуға түсіп, оны тәмамдағаннан кейін ауылдық құрылыс саласында шебер-бригадир болып еңбек етті. Кейін Солтүстік Қазақстан облысында өнеркәсіп нысандарын салуға атсалысты.

1956 жылы Сұңғат Смағұлұлы Қарағанды қаласына қоныс аудартып, өмірінің кейінгі жылдарын осы қалада өткізді.

Жауынгерлік ерлігі мен Отан алдындағы еңбегі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Сұңғат Смағұлұлының дүниеден өтуі туған-туыстары мен жақындары үшін орны толмас қайғы. Ол соғыстың сұрапыл жылдарынан бастан өткеріп, бейбіт өмірде ел игілігі үшін адал еңбек еткен ардагер ретінде кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалды.

Ардагердің ерлігі, азаматтық ұстанымы мен өнегелі өмір жолы халық жадында мәңгі сақталады.

Қарағанды қаласының әкімдігі, Қарағанды қалалық мәслихаты, Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесі, Қазыбек би ауданының ардагерлер кеңесі, Әлихан Бөкейхан ауданының ардагерлер кеңесі ардагердің туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ардагердің рухы шат болсын. Жатқан жері жайлы болсын.



В поселке Шашубай, Ақтогайского района, Карагандинской области пройдут публичные слушания по повышению тарифа с применением метода индексации филиала ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай на услуги подачи воды по распределительным сетям, отводу сточных вод и производства, передачи, распределения и снабжения тепловой энергией.

Публичные слушания состоятся 22 октября 2026 года:

– в 11:00 часов, по адресу: Карагандинская область, Ақтогайский район, поселок Шашубай, улица Акбергенова 1Б, здание Акимата.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц. Контактный телефон филиала ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай: 8 (702) 720 97 13

№215

жөндеуден өткізген соң, бағыттымызды толықтай ұлттық нақышқа бұруды ұйғарды. Өйткені, бүгінде ата-бабамыздың салт-дәстүрін заманауи бағытта жаңғырту – уақыттың өзі алға тартып отыр. Өрине, кез келген үлкен істі бастау үшін сенімді тірек пен қаржы керек. Осы тұста жергілікті әкімдік өкілдерінің түсіндіру жұмыстарының арқасында «Ауыл аманаты» бағдарламасы туралы біліп, тәуекелге бел будым. Нәтижесі көңіл қуантады, – дейді кәсіпкер.

Мемлекеттен 3 миллион 200 мың теңге несие алып, заманауи жылжымалы монша сатып алған Базаркүл Құндызбаеваның да шағын кәсібін мысалға алуға болады. Тұрғындардың сұранысына ие болып, күнделікті қызмет көрсетіп отырған кәсіпкер алдағы уақытта ісін кеңейтіп, қосымша жұмысшы алуды көздеуде.

Осындай жобалардың арқасында ауыл халқына қызмет көрсететін орындар көбейіп келеді. Туған топырақтан алыстамай-ақ, кәсіп айналдырып отырған олардың берекелі бизнестері ауыл халқына да олжа.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

Жаңалық әрқашан жаныңызда! <https://ortalqyq.kz/>

Аударыспақтан алтын бұйырмады

Өңірде алғаш рет өткізіліп отырған аударыспақтан 2006-2008 жылы туған жастар арасындағы ел чемпионаты өз мәресіне жетті. Үш күнге созылған дүбірлі додаға еліміздің түпкір-түпкірінен 600-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған чемпионатта сынға түскен тоғыз қарағандылық спортшының бесеуі бір күміс және төрт қола жүлде еншілеп, өңір қоржынын жүлдеге толтырды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының аударыспақ федерациясының жетекшісі Айдар Құдышев соңғы жылдары ұлттық спорттың бұл түріне қызығушылық танытқан жастардың қатары артып келе жатқанын баса айтты.

— Спорт — біздің қанымызға сіңген қасиет. Ата-бабамыз ұлан-ғайыр жерді иемденіп, ат үстінде жүріп қорғаған. Сондықтан, бұл сала біздің қанымызбен берілген. Қазіргі таңда көптеген ауылдардан спортшылар шығып жатыр. Тіпті, қалада тұрып, мектепте оқитын, бірақ, осы спорт түрімен айналысатын жастар да бар. Сондай жастарды көрсек, куанамыз. Аударыспақта не маңызды деген сұрақ туындайды. Шабандоздың күші мен ептілігі ме, әлде тұлпардың жүйріктігі ме? Бұл жерде көрсеткіш — теңдей. Тұлпар



үздіксіз қозғалыста болса, шабандоз әрбір қимылын сезініп отыруы шарт. Ер-тоқымнан еңкейген сәтте, ат оның салмағын сезініп, бірге жұмыс істейді. Олардың өзара байланысы мен үйлесімі өте маңызды, — дейді Айдар Наурызбайұлы.

57 келіде сынға түскен Елжас Ахметов актық сында әктөбелік Дамир Тайбекұлымен белдесіп, өкінішке қарай қарсыласынан айласын асыра алмады. Осылайша, жерлесіміз алтынға бір табан жетпей, чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. 52 келіде сынға түскен Алик Бычков жарыстың бірінші күнінде чемпионаттың қола жүлдегері атанған. Одан кейін 65 келіде бақ сынаған Талғат Қынаят, 74 келіде Қадыржан Байжан және +95

келіде өнер көрсеткен Ершат Тайтөлеу де қола жүлдеге қол жеткізді.

— Чемпионат жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қатысушылардың осалы жоқ. Спортшыларымыз алтынға жетпесе де, әр жеңісі алтынға татиды. Нәтижеге көңіліміз толады. Десе де, әр спортшының жіберген қателіктері болды. Алдағы уақытта сол қателіктермен жұмыс істеп, кемшіліктердің орнын толтырамыз деген ойдамын. Осындай ауқымды турнир ұйымдастырып, спортшыларды қолдап жатқан ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын, — деді аударыспақтан Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Сағат Төлеуа.

Чемпионатқа «Алтын ала-



мын» деген мақсатпен келген спортшылардың бірі — Ақбар Кәріғұл. 74 келіге дейінгі салмақта сынға түскен ол алғашқы белдесуінде Шығыс Қазақстан облысының өкілімен кездесіп, айласын асырған. Алайда, екінші айналымда жерлесі Байжан Қадыржанға қарсы шығып, қарсыласына есе жіберді.

— Өзім кішкентайымнан ат үстінде өстім. Ал, осы ұлттық спорт түріне келгеніме екі жылдан асты. Осы аралықта облыс чемпионы атандым. Ел чемпионатына да қатысып, қола жүлдеге қол жеткіздім. Өз салмағымда чемпионатқа қатысушылардың қарасы қалың болды. Қарсыластар да осал емес. Бұған дейін қоян-қолтық ұрысымен жеті жыл айналысқанмын. Ел чемпионымын. Уақыт өте, ат үстінде өскеннен кейін бе, білмеймін, осы спорт түріне назарым ауып, осы спортты қолға алдым, — деді Ақбар Кәріғұл.

Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Natis» ЖШС-нің демеушілігімен арнайы сыйлықтар мен жүлделер табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТЕАТР

Өнерде шекара болмайды

Қарағанды облысының шығармашылық ұжымдары халықаралық мәдени байланыстарды нығайтып, өз өнерін шетелдік көрерменге таныстыруды жалғастыруда. Жуырда Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры мен Теміртау қаласының балалар мен жасөспірімдер театры Өзбекстан мен Ресейдің театр сахналарында өнер көрсетіп, кәсіби тәжірибе алмасты.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры Ташкент қаласына гастрольдік сапармен барып, Өзбекстанның Мемлекеттік музыкалық комедия (оперетта) театрының сахнасында өнер көрсетті. Сапар барысында қарағандылық өнерпаздар жергілікті көрерменге музыкалық ертегі мен концерттік бағдарламаны ұсынды. Театрдың жетекші солистері, хор және балет әртістері, сондай-ақ, оркестр музыканттарынан құралған ауқымды шығармашылық ұжым Ташкент жұртшылығына «Кішкентай Мук» музыкалық ертегісін және «Венадан Бродвейге дейін» атты гала-концертін сахналады. Гала-концерт бағдарламасына Вена оперетталары мен Бродвей мюзиклдерінен танымал ариялар, дуэттер мен ансамбльдер енді.

Ташкенттегі гастроль екі театр арасындағы қалыптасқан шығармашылық байланыстың жалғасы болды. Бұған дейін басталған әріптестік екіжақты меморандум арқылы бекітіліп, мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жол ашқан. Бұл сапар да өзара тәжірибе алмасып, шығармашылық байланысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді.

Қарағанды өнерпаздарының

қойылымдары Ташкент көрерменінің зор қызығушылығын тудырды. Театр мәліметінше, спектакльдер мен концерттік бағдарлама аншлаптен өткен. Бұл — отандық сахна өнеріне деген шетелдік көрерменнің қызығушылығын аңғаратын маңызды көрсеткіш.

Ал, Теміртау қаласының балалар мен жасөспірімдер театры Ресейдің Абакан қаласында өткен «Театральная осень» фестиваліне қатысты. Фестиваль аясында театр ұжымы көрермен назарына «Ре: Обломов» және «Вафельное сердце» спектакльдерін ұсынды.

Теміртаулық театр үшін бұл сапардың маңызы тек қойылым көрсетумен шектелген жоқ. Халықаралық және өңіраралық театр фестивалі әртістерге әріптестерімен тәжірибе алмасып, заманауи театр үдерісіндегі жаңа бағыттармен танысуға мүмкіндік берді.

Бүгінде театр өнері елдер мен өңірлер арасындағы мәдени байланысты нығайтатын маңызды құралдардың біріне айналып отыр. Шетел сахналарында өнер көрсету арқылы қазақстандық театрлар өз репертуарын таныстырып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын да кеңінен насихаттап жүр.

Сурет облыстық мәдениет, архив және құжаттама басқармасынан

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» көш басында

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы сырт айдында «Алматы» командасымен кездесіп, алғашқы кездесуінде 3:6 есебімен жеңіліп қалды. Ал, қарымта ойында жерлестер қарсыластардан есе қайтарып, 5:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, олар Pro Hockey League ойындарының сегізінші турында шайба айырмашылығымен көш басына шықты.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер үшін алғашқы кездесу оңайға соқпады. Ойынның алғашқы минутынан-ақ айдын иелері басымдықты өз қолдарына алып, шабуылды үдете түсті. Нәтижесінде, 28-ші минутқа дейін қатарынан төрт шайба тоғытып, есепті

4:0-ге жеткізді. Дегенмен, жерлестер берілмеді. 29-шы минутта Данила Карабан есеп айырмасын қысқартса, 36-шы минутта Руслан Демин, 40-шы минутта Эдгарс Сикена тағы бір-бір шайбадан салып, есепті 4:3-ке жеткізді. Алайда, кездесудің соңына қарай айдын иелері тағы екі рет мергендік танытып, басымдықтарын еселей түсті. Осылайша,

айдын иелері алғашқы кездесуде 6:3 есебімен жеңіске жетті.

Қарымта кездесуде жерлестер барын салды. Айдын иелеріне қарсы ойын жүйесін өзгертіп, кездесудің алғашқы минуттарынан-ақ басымдыққа ие болды. 1-ші минутта Эдуард Михайлов есеп ашса, 15-ші минутта Артем Лихотников мергендік танытты. Екінші айналымда да жерлестер қарқынын бәсеңдетпей, қатарынан үш шайба салып, басымдықтарын еселей түсті. Бұл жолы 33-ші минутта Егор Смолянинов, 34-ші минутта Владимир Волков мергендік танытса, 36-шы минутта Эдуард Михайлов екінші

шайбасын соғып, есеп айырмасын ұлғайтты.

Үшінші айналымда айдын иелері бес шайба салған «Сарыарқаға» тек екі шайбамен ғана жауап қайтара алды. Осылайша, қарымта кездесуде жерлестер жеңіске жетіп, алғашқы ойынның есесін қайтарды.

Осылайша, жерлестер сегіз турдың қорытындысы бойынша 13 ұпай жинап, шайба айырмасымен турнир кестесінің көшін бастады. Дәл осындай ұпайы бар көкшетаулық «Арлан» II орында келеді. Ал, «Торпедо» мен «Құлагер» 12 ұпайдан еншілеп, кейінгі сатыларға жайғасты.

• ФУТБОЛ

«Таразбен» тең түсті

Футболдан ел чемпионатының 23 туры аясында қарағандылық «Шахтер» өз алаңында «Таразбен» қабылдап, 0:0 есебімен тең түсті. Қатарынан 15 ойын жеңілмей келе жатқан жерлестер бұл жолы да өз алаңында ұпай жоғалтқан жоқ.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер ойын басталысымен-ақ шабуылды үдетті. Қос қапталды ұтымды пайдаланып, кезек-кезек шабуыл ұйымдастырып, қарсылас қақпасына бірнеше рет қауіп төндірді. Кезекті шабуылдардың бірінде Рифат Нұрмұғамет сол қанаттан допты алаң ортасына қарай асырған еді. Алайда, әріптестері пасқа дер кезінде жете алмай, қарсылас қорғаушылары допты кері қайтарып үлгерді.

Арада бірнеше минут өткенде Артем Литош айып алаңының сыртынан қақпаға жойқын соққы бағыттаған. Дегенмен, қақпашы



Андрей Пасеченко бұл жолы да қырағылық танытып, допты алаң сыртына шығарып жіберді. Осылайша, жерлестер бірінші тай-

мның соңына дейін шабуылды бәсеңдетпей, қарсылас қақпасын нысанаға алумен болды. Бірақ, қанша талпынганымен таблодағы

Турнир кестесі ҚРЧ. Бірінші лига. 23-тур

О	Клуб	Ой.	Ұт.	Т	Ж	Д/а	Ұп.
1	«Шахтер»	23	20	2	1	64-8	62
2	«Қайрат-Жастар»	22	16	5	1	64-12	53
3	«Тұран»	22	15	2	5	47-20	47
4	«Академия Оңтүстік»	23	13	4	6	36-27	43
5	«Жайық»	23	9	4	10	21-26	31
6	«Тараз»	23	8	6	9	30-32	30
7	«Астана Ж»	22	9	3	10	35-42	30
8	«Батыр»	22	7	5	10	30-46	26
9	«Каспий Ж»	22	7	4	11	29-38	25
10	«Хан-Тәңір»	22	7	4	11	29-42	25
11	«Арыс»	23	7	3	13	39-43	24
12	«Ақтөбе-Ж»	23	6	5	12	38-69	23
13	«Тобыл»	22	3	4	15	37-57	13
14	«Елімай Ж»	22	3	3	16	16-43	12

көрсеткішті өзгерте алмады.

Екінші таймда есеп ашуға қарсыластардың мүмкіндігі болды. Жартылай қорғаушы Темір-

лан Төрбек оң қапталдан доппен алға жылжып, айып алаңы сыртынан қақпаға соққы бағыттаған. Алайда, оның тепкен добы

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 250

№103 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аида РАХЫМҚҰЛ